

Бекітемін \_\_\_\_\_  
№54 мектеп-лицей  
директоры: Ш.Т.Сейсенбай

## **№54 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ АТА-АНАЛАР КОДЕКСІ**

Астана, 2018 жыл

## **БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНІҢ АТА-АНАЛАР КОДЕКСІ**

Білім беру мекемесінің ата-аналар кодексі ата-ананың кәмелетке толмаған оқушы баланың заңды тұлғасы ретінде оның тәртібінің қалыптасуына, оқу процесі мен оқытушыларға, мектеп әкімшілігіне құрметпен қарауына және білім беру мекемесінде ыңғайлы және қауіпсіз жағдайдың орнауына ықпал етуі тиіс.

### **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы Білім беру мекемесінің ата-аналар Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы», 2015 жылғы 18 қарашадағы «Жемқорлыққа қарсы әрекет», 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV «Неке және отбасы туралы», 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 «Қазақстан Республикасында баланың құқықтары туралы» Заңдарына сәйкес жасалды.

1.2. Кодекстің мақсаты: ата-аналар үшін бірыңғай ережелер мен міндеттерді енгізу

### **2. АТА-АНАЛАР ҚҰҚЫЛЫ:**

2.1. Балалардың негізгі орта білім алғанға дейін жалпы білім беру мекемесін және оқу формасын таңдауға;

2.2. Білім беру мекемесінің Жарғысымен және білім беру қызметін реттейтін басқа да құжаттармен танысуға;

2.3. Мектеп басқару ісіне қатысуға, атап айтқанда, Қамқорлық кеңесін сайлауға және сайлануға, (жалпы мектеп ата-аналар комитеті) сыныптың және жалпы мектеп ата-аналар жиналысына қатысуға және пікір айтуға;

2.4. Ата-аналар жиналысы, Қамқоршылық кеңесі және ата-аналар қоғамдастығының білім беру мекемесінің әкімшілігімен кездесуі жөнінде уақытылы хабардар болуға;

2.5. Білім берудің мазмұнымен, қолданыстағы оқу және тәрбие әдістемелігімен, тәрбие жұмыстарын оқыту технологияларымен және баласының оқу үлгерімі бағаларымен танысуға;

2.6. Білім беру мекемесінің аттестаттау қорытындысы бойынша үйде оқытылатын баланы мектепке оқуға ауыстыруға;

2.7. Оқушылар арасындағы, оқытушылар мен оқушылар, оқытушылар мен ата-аналар арасындағы келіспеушілік жағдайларды шешу үшін мектеп әкімшілігіне шағымдануға;

- 2.8.Зайырлы құндылықтар негізінде балаларды адамгершілік және қазақстандық патриоттық рухта тәрбиелеуді қамтамасыз етуге;
- 2.9.Ата-аналар жиналысына қатысуға, сонымен қатар баласымен бірге тұрмаған жағдайда, егер заңға қайшы келмесе және балаға (дене бітімі, моральдық, психологиялық жағынан) зиян келтірмесе, ол туралы ақпарат алуға;
- 2.10.Баласының үлгерімі және тәртібі жөнінде мәселе туындаған жағдайда, жағдайды талқылау үшін Педагогикалық кеңес отырысына кеңес беру құқығынсыз қатысуға;
- 2.11.Бала құқықтарының орындалуына талап қоюға;
- 2.12.Негіз болған жағдайда, керек деп санаса, алдын-ала келісім бойынша мұғаліммен кездесуге (сабақтан кейін);
- 2.13.Ата-аналар жиналыстарында, Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында, сонымен қатар білім беру мекемесі директорымен кездесу кезінде білім беру мекемесіне ескертулер мен ұсыныстар жасауға;
- 2.14.Оқушыларды тексерудің жоспарлы түрлері (психологиялық, психология-педагогикалық, медициналық) туралы ақпараттарды алуға, осындай тексерулерді өткізуге келісім беруге немесе қатысуға, тексерулерді өткізуден немесе қатысудан бас тартуға, өткізілген тексерулердің қорытындысы жөнінде ақпарат алуға;
- 2.15.Қазақстан Республикасының заңнамаларында көрсетілген жекеленген санаттағы оқушылар мен тәрбиеленушілерге берілетін қосымша жеңілдіктермен уақытылы материалдық көмек көрсетілуіне ықпал етуге;
- 2.16.Балаларды психомедициналық-педагогикалық комиссияның тексеруіне, тексеру нәтижелері бойынша алынған тексеру қорытындысын және ұсынымдарын талқылауға қатысу барысында балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру үшін ұсынылған шарттарға қатысты пікірлерін айтуға;
- 2.17.Білім беру мекемесін басқаруға қатысуға (Қамқоршылық кеңесі).

### **3. АТА-АНАЛАР МІНДЕТТІ:**

- 3.1.Балаларының дене бітімі және психологиялық денсаулығына, адамгершілік жағынан дамуына зиян келтірмей, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, кемсітушілікке, дөрекі, қатыгез, адамдық қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынасты қоспай, балаларды тәрбиелеуге;
- 3.2.Баланың дене бітімі, адамгершілік және интеллектуалдық дамуының негізін қалыптастыруға;
- 3.3. Баламен тең қарым-қатынаста болуға;
- 3.4. Баланың пікірін ескере отырып, оны бағыттауға, оған кеңес беруге;

- 3.5.Балалардың негізгі жалпы білім алуын қамтамасыз етуге және олардың жалпы білім беру мектебі немесе оған мәртебесі бойынша теңестірілген басқа білім беру мекемесінде жалпы орта (толық) білім алуына ыңғайлы жағдай жасалуын қамтамасыз етуге;
- 3.6.Білім беру мекемесінің Жарғысын, ішкі тәртібін орындауға;
- 3.7.Сипаты бойынша педагогтың кәсіби міндеттеріне кірмейтін мәселелер бойынша мұғалімнің жұмысына негізсіз араласуына жол бермеуге;
- 3.8.Қазақстан Республикасы заңының «Неке және отбасы» туралы 70-бабына сәйкес ата-аналары баласының денсаулығына, тәрбиесіне, көңіл бөлу керек, қамқорлық жасауына физикалық, психикалық рухани адамгершілік жағынан дамуына жауапкершілікпен қарауына жағдай жасалуына;
- 3.9.Баланың дұрыс қалыптасуына қаржылық мүмкіншілігіне қарай жағдай жасауға;
- 3.10.Баланы оқу құралдарымен қамтамсыз ету, үйде баланың өміріне, дамуына, демалуына мүмкіншілік жасауға, оқу тапсырмаларын орындауына көмектесуге, мектеп киімін және заттарын түгендеп, мектепке шығарып салуға;
- 3.11.Сынып жетекшісінің немесе білім беру мекемесі әкімшілігінің шақыруымен ата-аналар жиналысына, профилактикалық кеңеске, педагогикалық консилиумға қатысуға;
- 3.12.Баланың денсаулығына қарай өз қалауымен сыныптан немесе мектептен тыс шараларға қатысуына рұқсат етуге;
- 3.13.Баланың денсаулығына байланысты созылмалы сырқаты бар екендігін, мүгедектігін, басқа да түрлі жарыстарға, жанұя жағдайына байланысты іссапарға немесе сырқаттанып мектепке келмейтіндігі туралы мектеп әкімшілігіне хабардар етуге және қалу себебін растайтын тиісті құжат түрін әкелуге ;
- 3.14.Дәрігердің, мұғалімдердің, полиция қызметкерлерінің, педагогикалық кеңестің, психолог-дәрігерлер комиссиясының, кәмелетке толмаған жасөспірімдер комиссиясының балаға қатысты талаптарын орындауға;
- 3.15.Мектеп қызметкерлерінің кәсібіне, қызметіне құрметпен қарап, мұғалімдермен тығыз байланыста болып, балаға біржақты (бірдей) талап қоя білуге;
- 3.16.Қазақстан Республикасының «Жемқорлыққа қарсы қозғалыс» туралы заңының 23-бабына сәйкес жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында ата-аналардан ақшалай қаржы жинауға тыйым салынатындығы туралы заңды орындауға ;
- 3.17. Баланы сабақ басталардан 15 минут бұрын кешіктірмей алып келуге;

- 3.18. Мектептің абыройын түсірмей дәстүрін сыйлауға;
- 3.19. Бала мектеп мүлкін бүлдірген жағдайда орнын толтыруға, жөнделетін жағдайда жөндеуге;
- 3.20. Баланың сабаққа қажетті емес, әсіресе, жарылғыш, өткір, үшкір (адам өміріне қауіп төндіретін) заттардың, психотропты (ішімдік, темекі, нашақорлыққа байланысты т.б.) заттарды әкелмеуін қадағалауға;
- 3.21. Баланың күнделігін, электронды күнделігін аптасына бір рет қарап, қол қоюға;
- 3.22. Баланың қауіпсіздігі мақсатында жолда жүру ережесін үнемі сақтауын, түрлі апаттардың алдын алу мақсатында сақтық шаралары мен ережесін балаға түсіндіруге міндетті;
- 3.23. Мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен және мектептің басқа да қызметкерлерімен дауыс көтеріп сөйлеспеуге, ар-намысына тиетін сөздер айтпауға және дәрекілік танытпауға;
- 3.24. Балаға мектепке бағалы зат (қымбат ұялы телефон, әшекей бұйымдар т.б.) бермеуге міндетті. Мектеп әкімшілігі жоғалған затқа жауап бермейді.

## 4. БАЙЛАНЫС

### **№ 54 мектеп-лицейінде мектеп пен ата-аналар арасындағы байланыс әртүрлі құралдар арқылы жүзеге асады:**

- 4.1. Телефон – ең көп таралған байланыс құралы. Ата-ана өз баласына қатысты мәселелер бойынша сынып жетекшімен хабарласа алады. Хабарласу үшін мектеп телефондарын пайдалана алады;
- 4.2. Ата-аналар жиналысы-әр тоқсан сайын мектеп ата-аналар жиналысын өткізеді. Ол жерде сынып жетекшісі және ата-аналар сыныпқа байланысты жалпы және сыныптан тыс іс-шаралар туралы кез келген мәселені талқылайды;
- 4.3. Ата-аналар комитеті – әр сынып ата-аналар арасынан ата-аналар комитетіне қатыса алатын басшысын сайлайды. Олар ата-аналарды мазалайтын сұрақтар бойынша мектеп әкімшілігімен байланыста болады;
- 4.4. Жеке кездесу – әрқашан қолдауға ие; ата-аналар пән мұғалімдерімен сынып жетекшісі арқылы жеке кездесіп, оқушы туралы толық ақпарат (үлгерімі, тәртібі, болашақтағы жоспары) ала алады. Сынып жетекші кездесу

туралы, оқу процесіне зияны тимейтіндей етіп, алдын ала пән мұғалімдеріне ескерту қажет.

4.5. Оқу-тәрбие тарапынан мәселелер туындаған жағдайда ата-аналар мына ретпен байланысып, мәселені шешуі тиіс.

1. Сынып жетекшімен
2. Сынып жетекші шеше алмаған жағдайда директордың оқу немесе тәрбие ісінің орынбасарларымен
3. Директордың орынбасарлары шеше алмаған жағдайда мектеп директорымен шешуі тиіс

## **5. АТА-АНАЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ:**

- 5.1. Баланы сабақтан себепсіз және сынып жетекшіге (сынып жетекшіге хабарласа алмаған жағдайда мектеп әкімшілігіне ) ескертпестен қалдыруға;
- 5.2. Баланың қауіпсіздігі үшін мектепке кез келген уақытта баса-көктеп кіруге болмайды. Аса қажет жағдайда вахтада отырған вахтермен немесе алдын ала сынып жетекшіге, мектеп әкімшілігіне хабарласып, кездесу жайында келісу қажет. Ата-ана келіскен тұлғаға төменде күтіп алуын сұрайды. Сабаққа кедергі келтірмеуі қажет;
- 5.3. Ата-аналар (заңды қамқоршылар) баланың тәрбиесіне жалпыға бірдей білім беретін мекемеде білім алуына мүмкіндік жасауға;
- 5.4. Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес бала тәрбиесіндегі міндеттерді орындамаған жағдайда және баласына қатысты заңбұзушылық әрекет жасаған жағдайда ата-ана әкімшілік, құқықбұзушылықпен күрес қызметкерлерінің алдында жауап беруге міндетті;
- 5.5. Ата-анасы немесе заңды қамқоршысы 14 жасқа толмаған балаға жасалған заң бұзушылық пен зорлық-зомбылық әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады;
- 6.3. Қамқоршылығына алған баланың тәрбиесіне көңіл аудармаса, назардан тыс қамқорлықсыз қалдырса немесе басқа да жеке өз мансабы үшін пайдаланған жағдайда қамқоршысы заң алдында жауап беруге міндетті;
- 6.4. Мектепке қатысты, жеке адамға зиянын тигізетін тексерілмеген, жалған ақпаратты таратуға болмайды;
- 6.5. Осы атаулы кодекстегі ереже бұзылса, ата-аналар тарапынан қаралады. Қамқоршылық кеңестің отырысында, қажет болған жағдайда, құқық қорғаушы өкілінің қатысуымен қаралады.

